

## Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 144 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 14-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін актілерді жүйеге келтіру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

### 1. Мыналардың:

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 8 желтоқсандағы "Тауарларды өндіру және (немесе) тауарларды экспорттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, оарға кедендік әкелу баждары қолданылмайтын, уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін алуға үміткер тұлғаларға қойылатын критерийлерді айқындау туралы" № 497 шешімінің;

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы "Тауарларды өндіру және (немесе) тауарларды экспорттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, оларға кедендік әкелу баждары қолданылмайтын, уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін алуға үміткер тұлғаларға қойылатын критерийлерді айқындау туралы" № 872 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

### 2. Осы Шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*